

6D021300 – «Лингвистика» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін ұсынылған Тлегенова Гульден Бакытказыевнаның «Қазақ ономастикасының діни-мифологиялық кодын зерттеу» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің

ЖАЗБАША ШІКІРІ

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	<p>Диссертациялық жұмыстың тақырыбы Қазақстан Республикасында тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына (ҚР Үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы №1045 қаулысы), Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына (5.3.5 Қазақстанның тарихи-мәдени мұрасы және рухани құндылықтары. 5.3.6 тарих пен мәдениеттің, әдебиет пен тілдің, салт пен құндылықтардың ортақтығы. Қазақстан Республикасының білім мен ғылымды дамытудың 2021-2025 жылдарға арналған «Білімді ұлт» сапалы білім беру ұлттық жобасында (ҚР Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазанындағы №726 Қаулысы), қойылған міндет «Қазақстандық ЖОО-ның бәсекеге қабілеттілігін арттыру» атты міндетіне толықтай сәйкес келеді.</p> <p>Қазіргі заманғы жаңғырту мен цифрлық Қазақстанды құру үдерісінде «Цифрландыру, ғылым мен инновациялар есебінен технологиялық серпіліс» ұлттық жобасы (2021-2025 жж.), «Ұлттық рухани жаңғыру» ұлттық жобасы (2021-2025 жж.), сондай-ақ «Ұлы Дала Елі» идеясының аясында қазақ халқының ұлттық бірегейлігін нығайтуға арналған стратегиялық бағыттармен тікелей байланысты.</p>

			<p>Диссертация Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен 2021-2023 жылдарға арналған келесі ғылым дамуының басым бағытына сәйкес келеді. Ғылыми жұмыс ғылымның және білім берудің негізгі трендтеріне сәйкес әзірленген.</p> <p>Жалпы тіл біліміне, ономастика саласына қатысты тарихи, әдеби жазба жәдігерліктерді заманауи тың әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, әртүрлі деңгейде қарастыру – этнос ретіндегі бірегейлік пен ұлттық кодымызды қайта қалыптаудың, нықтаудың негізі. Диссертация «Гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі, қолданбалы, пәнаралық зерттеулер: тарих пен мәдениеттің, әдебиет пен тілдің, дәстүрлер мен құндылықтардың ортақтығы» бағытына сәйкес келеді.</p>
		<p>1) <u>Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</u> 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) <u>Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</u></p>	<p>1) Диссертацияда BR21882249 «Мәдениетаралық коммуникация құралы ретіндегі қазақ тілінің ұлттық корпусын (ҚТҰК) жетілдіру және оның ішкорпустарын кеңейту» атты мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын нысаналы бағдарламаның аясында орындалған.</p> <p>2) Диссертацияда басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалғандығы жайлы мәлімет көрсетілмеген.</p> <p>3) Диссертация Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми техникалық комиссия бекіткен ғылыми дамуының басым бағытына, соның ішінде «Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулердің» басым бағытына сәйкес келеді.</p>
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін <u>қосады</u> /қоспайды, ал оның	Диссертациялық жұмыстың ғылымға елеулі үлес қосатыны айқын, еңбектің теориялық маңызы зор. Зерттеу

		<p>маңыздылығы ашылған/ашылмаған.</p>	<p>жұмысының нәтижелері қазақ тілінің ұлттық ономастикалық кодын тереңірек түсінуге, діни-мифологиялық кодты зерттеу барысында паремиологиялық және фразеологиялық материалдарды терең түсініп пайдалануға, қазақ халқының мәдениетін, дәстүрін және дүниетанымын кеңінен тануға мүмкіндік береді. Ономастиканың діни-мифологиялық кодын анықтауға, бірқатар көкейкесті тұстарын толықтыруға үлес қосады. Қазақ онимдеріндегі діни-мифологиялық кодтардың теориялық негізін саралауы, сакралды кодты мәдени-тілдік феномен ретінде қарастыруы, онимдік бірліктерді кешенді түрде талдауы, ұлттық корпустағы діни-мифологиялық онимдердің цифрлық технологиясын ұсынуы – ғылыми жетістік болып табылады.</p> <p>Зерттеу жұмысының тұжырымдары мен нәтижелері айтарлықтай жоғары, диссертация материалдары негізінде тотемизм мен ата-баба культін діни-мифологиялық аспектіде терең талдауы, қазақ танымындағы мифокосмонимдік және мифоастронимдік зерттеулер арқылы қазақ халқының дүниетанымдық моделін көрсетуі, мифозоонимдерді архаикалық тұрғыдан тілдік бірліктер ретінде қарастыруы, қазақ руханиятындағы діни-мифологиялық код құрамындағы теонимдерді символикалық маңызға ие сакралды тұлғалар ретінде қарастыруы жұмыстың ғылыми маңыздылығын арттыра түседі.</p>
3.	Өзі жазу принципі	<p>Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған</p>	<p>Диссертацияның жазылу деңгейі жоғары. Еңбек ғылыми жұмыстарға қойылатын талаптарға сай, өзі жазу деңгейі жоғары. Сүйенген материалдары нақты тілдік деректермен дәйектелген. Диссертанттың ғылыми ойды өз бетінше жүйелеуі, мысалмен дәлелдеуі дәйекті, тұжырымдары айқын. Зерттеу барысында нақты ғылыми нәтижелерге қол жеткізген және олардың арасында тығыз логикалық байланыс бар. Сондай-ақ діни онимдердің репрезенттелуі мен этномәдени</p>

			семантикасын көрсету принципі ұлттық концептіні моделдеу әдіс-тәсілдерін жетілдіруге айтарлықтай үлес қосады.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген ; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	<p>Диссертация өзектілігі дәлелді тұрғыда негізделген. Қоршаған дүниені тіл арқылы зерделеудегі ономастикалық бірліктердің орны мен маңызын ескерсек, діни-мифологиялық атаулардың кодын зерттеу бүгінгі тіл білімінің өзекті мәселелерінің біріне айналып отыр. Өйткені тілдің бүгінгі сырын танып білу үшін өткенін бағамдап, оның табиғи дамуы мен өзгеру заңдылықтарын анықтау маңызды. Әлемді тіл арқылы танудағы орны мен маңызына орай тілдік бірліктердің когнитивтік және этномәдени сипаттарын айқындау жүйесі тұрғысынан зерттеу арқылы ономастика ғылымының дауына елеулі үлес қосуымен негізделеді.</p> <p>Жұмыста жасалған тұжырымдар мен нәтижелер бір-бірімен өзектес әрі сабақтас, ішкі бірлігі сақталған. Диссертацияның құрылымы мен мағыналық, мазмұндық желісі үйлесімді өрілген. Жұмыс ғылыми диссертацияларға қойылатын талаптарға толық жауап береді.</p>
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) айқындайды ; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды	<p>Диссертацияның мазмұны оның тақырыбын толық айқындайды. Зерттеу жұмысының бөлімдері бір-бірімен ғылыми-логикалық тұрғыда сабақтаса байланысқан. Диссертацияның құрылымы анықтамалар тізімінен, кіріспеден, төрт бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады.</p>
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді ; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді	<p>Диссертацияның мақсаты мен міндеттері тақырыбына толығымен сәйкес келеді. Жұмыс қазақ ономастикалық кеңістігіндегі діни-мифологиялық кодтардың теориялық негізін саралауды, сакралды кодты мәдени-тілдік феномен ретінде қарастыруды, ұлттық корпустағы діни-мифологиялық онимдердің цифрлық технологиясын ұсынуды мақсат еткен.</p> <p>Нақты міндеттер көзделген: – ономастикалық бірліктердегі ұлттық-мәдени, діни-</p>

			<p>мифологиялық код ұғымына берілген анықтамалар мен тұжырымдарды теориялық жағынан негіздеу;</p> <ul style="list-style-type: none"> - мифокосмонимдер мен мифоастронимдердің мифтік-танымдық мәнін және халықтық білімдер жүйесіндегі мәдени ақпараттарды айқындау; - мифодоменимдердің семантикасын архаикалық наным-сенім жүйесі арқылы мифтік сипатын ашу; - тілдік таңба арқылы кодқа салынған мифотопонимдердің, мифооронимдердің, мифофитонимдердің, мифозоонимдердің, мифоорнитонимдердің сакралдануын анықтау; - агионим, теоним, спритонимдердің тілдік репрезенттелуін қарастыру, прецедентті есімдер, пірлер мен желеп-жебеушілерді символдық және танымдық тұрғыдан айқындау; - теоним, агионим, мифоним, спиритонимдерді «Цифрлық гуманитаристика» аясында «Қазақ тілінің ұлттық корпусына» енгізу, эксперимент жүргізу арқылы онимдердің халықтық танымдық бейнесін анықтау. <p>Ізденіс барысында диссертант қойылған мақсат-міндеттерге толық қол жеткізген.</p>
		<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>толық байланысқан</u>; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ 	<p>Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық тұрғыдан өзара толық байланысқан. Диссертацияның бірінші тарауында діни-мифологиялық кодтың теориялық негіздері қарастырылған, тіл біліміндегі ұлттық мәдени код ұғымының сабақтастығы, діни-мифологиялық кодтың ерекшелігі, ономастикалық кеңістіктегі кодтың аспектілері логикалық түрде байланыс тапқан. Екінші тарау бойынша онимдердің мифтік дүниетанымдық көрінісі, мифокосмонимдер мен мифоастронимдердің мәдени бірлігі, мифотопонимдердің мифтік көрінісі, мифозоонимдер мен мифофитонимдердің</p>

			<p>сакралдану ерекшеліктері сабақтастықта қарастырылған. Үшінші тарау бойынша діни онимдердің репрезенттелуі, олардың этномәдени семантикасы, агионимдердің түрлері, пірлер мен желеп-жебеушілердің мифтік-діни сипаты, сонымен қатар, прецедентті діни есімдердің кодталуы мазмұнына қарай ажыратылып жіктелген. Төртінші тарау онимдердің корпустағы орны мен халықтық танымдағы бейнесіне арналған. Мифонимдердің қазақ тілінің ұлттық корпусынан орын алуы, негізделуі, әдістемелік және практикалық маңызы, қазақ тілімен сабақтастығы қарастырылған, онимдердің халықтық танымдық санасындағы бейнесіне түсініктемелер берілген.</p> <p>Диссертацияның тарауларының арасында ғылыми байланыс пен мазмұндық, мағыналық үйлесім бар. Жұмыстың құрылымдық бөлімдері арасында логикалық сабақтастық сақталған.</p>
		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) сыни талдау бар; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген 	<p>Диссертант өзі қарастырып отырған тілдік материалдардың әрқайсысына сыни көзқарас тұрғысынан талдау жасайды. Зерттеудің тақырыбы бойынша ұсынылған диссертанттың қорытындылары мен шешімдері нақты дәлелдермен тиянақталған, бұған дейінгі пікір-шешімдермен салыстырылып отырады.</p>
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 	<p>Диссертациялық жұмыстың ғылыми нәтижелері мен қағидаттарында тың тұжырымдар жеткілікті. Ізденуші зерттеу жұмысында алға қойылған мақсаты мен міндеттерін жүзеге асыру барысында төмендегідей жаңа нәтижелерге қол жеткізген: Жұмыстың нәтижелері жалпы әлемдік лингвистика тарихына, қазақ ономастикасының діни-мифологиялық</p>

		<p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>кодын зерттеуге, қазақ тіл білімінің рухани қажеттіліктеріне сүбелі үлес қоса алады. Диссертацияның төрт тарауында да қорғауға ұсынылған тұжырымдардың мазмұны ашылған.</p> <p>Зерттеу жұмысының құндылығы ретінде мифологиялық кодтардағы халықтың өмірлік тәжірибесі мен дәстүрлі дүниетанымының ұлттық код арқылы ашылғанын жаңа ғылыми нәтиженің көрінісі деп атауға болады. Бұл нәтиже арқылы ұлттық рухани қазынаны танып-білуге, ономастикалық және фольклорлық деректерді жаңа қырынан тануға мүмкіндік береді. Ұлттық корпус аясында онимдердің қамтылуы мәдени-әдеби контексті терең ұғынуға мүмкіндік беріп қана қоймайды, корпус деректерінің ғылыми базасын толықтыруға әрі тілдік қорды жүйелі түрде кеңейтуге, мифологиялық сөздік құрастыруға үлес қосады.</p> <p>Жұмыста діни-мифологиялық кодтың қазақ ономастикалық кеңістігіндегі теориялық негіздемесі жан-жақты сипатталған, космонимдер мен астронимдердегі халықтық білім жүйесі мәдени контекст тұрғысынан сараланған, төрт түлік малға қатысты мифонимдер тақырыптық-семантикалық топтарға сараланып, зерттелген. Мифонимдердің семантикасы интерпретацияланған, көне наным-сенім жүйесімен сабақтастырыла зерттелген.</p> <p>Қазақ ономастикасының діни-мифологиялық кодын зерттеуде ұлттық ұғымды танымдық базадағы ақпарат пен білімді құрылымдаудың, сақтау мен таратудың әмбебап бірлігі ретінде қарастыра отырып, түрлі теориялық аспектіде саралауы, өзіндік тұжырым жасауы жаңа деп бағаланады.</p> <p>Зерттеудің ғылыми нәтижелері мен қағидаттарын толығымен жаңа деп тануға болады</p>
		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?</p>	<p>Диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа. Себебі зерттеуші жұмыстың мақсатына жетуде, міндеттерді шешуде өзіндік жаңа тұжырымдар ұсынған. Әсіресе, заманауи</p>

		<p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>әдіс-тәсілдерге сүйеніп, онимдердің мифтік дүниетанымдық көрінісін талдай келе тың қорытындылар жасаған.</p>
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Техникалық және басқару шешімдері толығымен жаңа және негізделген.</p>
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	<p>Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)</p>	<p>Диссертацияның әрбір бөлімдерінен кейін қысқаша тұжырымдар, соңында жұмыстың толық мазмұнын қамтитын, зерттеу нәтижелеріне негізделген көлемді қорытынды берілген. Алынған барлық негізгі қорытындылары ғылыми тұрғыдан сенімді дәлелдемелерге негізделген.</p>
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p>1) дәлелденді;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді</p> <p>5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p>	<p>Әр қағидат бойынша:</p> <p><u>1-қағидат.</u> Қазақтың мәдени мұрасы мен діни-мифологиялық танымдары көрініс тапқан ұлттық дүниетанымның ерекшеліктері анықталып, тотемизм мен ата-баба культі және ислам мәдениеті мен дініне тікелей байланысты діни-мифологиялық аспектілер өз көрінісін тапқан. Мифтік онимдер арқылы тәңірлік наным-сенім мен исламдық дәстүрді сабақтастыратын халықтық дүниетанымға сипаттама жасалған.</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденген (1).</p> <p>7.2 Тривиалды емес (2).</p>

7.2 Тривиалды ма?
1) ия;
2) **жоқ**
3) бұл тұжырымда ереженің триваиалды екенін тексеру мүмкін емес.

7.3 Жаңа ма?
1) **ия**;
2) жоқ
3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.

7.4 Қолдану деңгейі:
1) тар;
2) орташа;
3) **кең**
4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.

7.5 Мақалада дәлелденген бе?
1) **ия**;
2) жоқ
3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.

7.3 Иә, жаңа (1).
7.4 Қолдану деңгейі кең (3)
7.5 Басылып шыққан ғылыми мақалаларда дәлелденген (1).

2-қағидат. Мифокосмонимдік және мифоастронимдік танымның қазақтың дәстүрлі календарлық өлшемдерімен тығыз байланыста қалыптасқаны, этностың өмір салты мен шаруашылық тәжірибесін реттеудің тұрмыстық тетігіне айналғаны анықталды. Нәтижесінде аспан денелеріне қатысты халықтық ақпарат беруші тілдік бірліктер қазақ халқының жалпы табиғатқа көзқарасын білдіретіндігі өз көрінісін тапқан. Аспан атауларындағы қазақ халқының дүниетанымдық моделінің көрінісі лингводеректермен дәлелденді.

7.1 Қағидат дәлелденген (1).
7.2 Тривиалды емес (2).
7.3 Иә, жаңа (1).
7.4 Қолдану деңгейі кең (3)
7.5 Басылып шыққан ғылыми мақалаларда дәлелденген (1).

3-қағидат. Қазақ мифологиясындағы мифозоонимдер, төрт түлік мал пірлері, мифофитонимдер мен мифоорнитонимдер қазақ халқының наным-сенімдерімен сабақтас мифтік түсініктердің архайкалық субстраттарын сақтаған тілдік бірліктер болып табылатыны дәлелденді. Мифодемонимдер көне наным-сенім тұрғысында халық ауыз әдебиетінде сақталған тарихи-мәдени ақпаратты сақтаушы код ретінде сипатталды.

7.1 Дәлелденген (1)
7.2 Тривиалды емес (2)
7.3 Жаңа (1)
7.4 Қолдану деңгейі кең (3)

			<p>7.5 Дәлелденген (1)</p> <p><u>4-қағидат.</u> Қазақ руханиятындағы діни-мифологиялық код құрамындағы теонимдер, сондай-ақ сопылық дәстүр мен әулиелік культтің тоғысуынан туындаған агионимдер, спиритонимдер және басқа да культтік есімдер ұлттық рухани-діни құндылықтарды бейнелейтіні жұмыста өз көрінісін тапқан. Бұл онимдер жоғары символикалық маңызға ие сакралды тұлғалар ретінде бағаланады.</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденген (1). 7.2 Тривиалды емес (2). 7.3 Жаңа (1). 7.4 Қолдану деңгейі кең (3) 7.5 Басылып шыққан ғылыми мақалаларда дәлелденген (1).</p> <p><u>5-қағидат.</u> «Қазақ тілінің ұлттық корпусының» базасын толықтыруда мифонимдер, теонимдер, спиритонимдер, агионимдер «Цифрлық гуманитаристика» саласының қалыптасуына өзіндік үлес қосатыны өз көрінісін тапқан. Онимдердің халықтың танымдық санасындағы бейнесін анықтау мақсатында жүргізілген эксперимент нәтижелері қазіргі қазақ қоғамында мифтік-діни онимдердің өміршеңдігі мен мәдени мұра ретіндегі маңызын айқындайды.</p> <p>7.1. Қағидат дәлелденген (1). 7.2. Тривиалды емес (2). 7.3. Жаңа (1). 7.4. Қолдану деңгейі кең (3). 7.5. Басылып шыққан ғылыми мақалаларда дәлелденген (1).</p>
--	--	--	---

8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің таңдауы негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) <u>ия</u> ; 2) жоқ	Иә. Әдістеменің таңдауы: негізделген. Диссертациялық жұмыстың мақсат-міндеттеріне сәйкес мифокосмонимдерді талдауда мифологиялық интерпретация әдісі, мифозооним, мифофитоним және мифоорнитонимдерді жүйелеуде жіктеу әдісі, мифодемонимдердің ішкі мазмұны мен көне наным-сенімді анықтауда семантикалық әдіс пайдаланылған. Мифотопоним, антропонимдердің тілдік репрезентациясын айқындауда лингвомәдени талдау әдісі, прецедентті есімдер мен пірлердің символдық және семантикалық мазмұнын анықтауда сипаттау, салыстыру әдістері орынды қолданылған. Мифоним, теоним мен агионимдерді ұлттық корпусқа енгізуде корпустық және статистикалық әдіс қолданылған.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) <u>ия</u> ; 2) жоқ	Иә. Зерттеу нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалану негізінде алынған. Діни онимдер мен мифонимдердің халық санасындағы түсінігі онлайн сауалнамалар арқылы анықтала отырылып, берілген жауаптарға контекстік талдау әдістерін орынды қолданған.
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):	Иә. Диссертациялық зерттеу жұмысында теориялық қорытындылар, тұжырымдар және ұсыныстар нақты материалдарға, ғалымдардың пікіріне сүйене отырып дәлелденген және расталған.

		1) ия; 2) жоқ	
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған	Диссертациялық жұмыстағы діни-мифологиялық тілдік, мәдени деректер, теориялық тұжырымдар, жіктемелер және т.б. сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтеме жасау арқылы расталған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті /жеткіліксіз	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі зерттеу нысанына қатысты ғылыми шолу жасауға, сараптауға жеткілікті.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия; 2) жоқ	Иә. Диссертациялық зерттеу жұмысының теориялық маңызы жоғары. Зерттеу нәтижесінде қол жеткізілген тұжырымдар мифологиялық кодтарды ашу арқылы ұлттық рухани дүниені танып-білуге, ономастикалық деректерді жаңа қырынан талдауға мүмкіндік береді. Осы тұрғыдан алғанда, зерттеу жұмысы қазақ тіл біліміндегі ұлттық код ұғымының теориялық мазмұнын толықтыра отырып, «Түркі мифологиясы», «Қазақ ономастикасы», «Лингвофольклористика» пәндеріне теориялық тұрғыдан үлес қосады.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ	Иә. Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары. Ұлттық корпус аясында онимдердің қамтылуы дүниелік контексті терең ұғынуға, корпус деректерінің ғылыми базасын толықтыруға әрі тілдік қорды жүйелі кеңейтуге, мифологиялық сөздік құрастыруға, ономастика саласы бойынша әдістемелік құралдар жасауға үлес қосады.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);	Зерттеудің практикалық талдаулары, ұсыныстары толығымен жаңа.

		3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары ; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Академиялық жазу сапасы жоғары. Диссертациялық жұмыстың құрылымы мен рәсімделуі талапқа сай. Жұмыс ғылыми стильде жазылған.
11	Диссертацияға ескерту		<p>Диссертация мазмұнымен, ұсынылған тұжырымдарымен, олардың дәлелдемелерімен танысып, зерделеуде менің тарапымнан арнайы ескерту жасайтындай кемшілік кездеспеді. Дегенмен, болашақ зерттеулерде қарастырса деген ұсыныс айтқым келеді. Ономастикадағы діни-мифологиялық дискурс түркітектес халықтар мәдениетіне негізінен ортақ болып келетіндігі мәлім. Алайда башқұрт, хакас, шуаш т.б. Сібір түркілерінің дүниетанымында тәңіршілдік пен көкке, табиғатқа табыну тәрізді архаикалық дәстүр басымырақ болуы мүмкін. Өйткені олар ислам мәдениеті таралу аймағынан шеткері орналасқан. Осыған қатысты Сібір түркілерінің тіліндегі діни-мифологиялық фразеологизмдер мен тұрақты тіркестер табиғаты қандай, қазақ мифтанамынан айырмашылығы бар ма, болса қандай деген сауал туады. Сол сияқты Будда, синтоизм, политеизм (көп құдайға сенушілік) діндеріндегі діни фразеологизмдерден мысал келтірген артық болмас еді. Болашақта бұл өз алдына жеке зерттеу нысаны да бола алады.</p> <p>Алайда диссертант жұмысында қойған мақсат, міндеттерді толық көлемде орындап шыққан. Бұл біздің тарапымыздан келешек зерттеулерге тек қосымша ұсыныс.</p>
12	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы		Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі өте жоғары. Зерттеудің негізгі нәтижелері шетелдік және отандық журналдарда 11 ғылыми мақала түрінде жарияланған: Scopus дерекқорында индекстелетін

